

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области
лингвистики и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

Қ. С. Ерғалиев

Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ЖАНУАРЛАР ТӨЛДЕРІ АТАУЛАРЫМЕН БЕРІЛЕТІН ҚАРАТПАЛАРДЫҢ АУДАРЫЛУЫ

Қазақ тіл білімінде қаратпа сөздер ХХ ғасырдың екінші жартысында ғалымдардың зерттеу нысанына ілігіп, грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) бағытта түбегейлі қарастырылған тілдік бірлік болып табылады. Алайда оның ұлттық ерекшелігі ескеріле отыра, аударылу жайының зерделенуі кенжелеп қалып отыр. Осы тұрғыдан келгенде жұмыстың өзектілігі көрінеді және кезек күттірмес мәселе қатарына жататыны айқындалады.

Мақалада зерттеу нысаны ретінде Ф. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романында ұшырасатын қаратпа сөздер, ал зерттеу пәні болып жануарлар төлдері атауларымен берілетін қаратпалардың аударылуы алынды. Мақсаты – шығармадағы жануарлар төлдері атауларымен берілетін қаратпа сөздерді жинақтап, олардың аударылу жолдары мен лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау. Жұмысты жазу кезінде салыстыру және салғастыру әдістері, сипаттау әдісі, баяндау әдісі, лингвомәдени талдау әдісі мен тілдік деректердің сандық сұрыптау әдісі қолданылды. Олар төмендегідей тұжырым шығаруға ұйытқы болды: аударма тілтанушылар тарапынан зерттелген, анықтамасы айқындалған, теориялық негізі қаланған мәселелер қатарына жатады; қаламгер туындысында кездесетін тілдік деректер Л. К. Латышев белгілеген аударма түрлерімен саралауға болады; мәтіндегі жануарлар төлдерімен берілетін қаратпа сөздер Л. К. Латышев көрсетуіндегі аударманың калькалау, транслитерация, жуықталған (теңестірілген) аударма жолдарымен жүзеге асқан. Туындыда сипаттамалы (түсіндірмелі) аударма тәсілі пайдаланылмаған.

Кілтті сөздер: аударма, транслитерация, калькалау, сипаттамалы аударма, жуықталған аударма.

Кіріспе

Реалий сөздерін аудару шартты ұғым болып есептеледі: олар, әдетте, өзгермейді. «Егер аударылмайтындығы туралы айтатын болсақ, – деп жазады

Л. Н. Соболев, – әдетте, реалий сөздер аударылмайды» [1, 281 б.]. И. Левый реалийді *crucis translatorum* қатарына жатқызбайды, яғни аудармада қиындық тудыратындардың бірі болып саналатынын көрсетеді [2, 149 б.].

А. В. Федоров: «Басқа тілге аударылмайтын сөз жоқ. Олар сипаттау түрінде болса да тәржімаланады», – дейді [3, 182 б.]. Аударылатын тіл сөздерінің жалпы тіркесімі – сөздік аудармаға қатысты және «күрделі тұтастыққа емес, тек жеке элементке байланысты болуы мүмкін» [3, 144 б.], яғни мәтінмәндік аудармаға қатысты болатынын айтады. Демек, аудармашылардың алдында тұрған мәселе – реалийді аударуға болмайды немесе болады дегенде емес, оны қалай тәржімалауға болатындығында.

Аударма кезінде реалийді берудің басты екі қиындығы бар:

1 аударылатын тілде белгіленген реалийлердің тіл тұтынушыларында сәйкестігінің (эквиваленттің, аналогтің) болмауы және

2 Реалийдің нақты мағынасымен (семантикасымен) қатар колоритті – оның ұлттық және тарихи бояуын – беру қажеттілігі. Осыларды негізге ала отырып ғалымдар аударудың түрлі жолдарын ұсынуда. Оны Г. Д. Томахин [4], Л. К. Латышев [5], В. С. Виноградов [6], Ж. Абдуллаева [7], Н. М. Боргуль мен Т. В. Михайлова [8] т.б. еңбектерінде берілген мағлұматтардан көруге болады.

Л. К. Латышев реалий сөздерін тәржімалаудың төмендегідей тәсілдерін көрсетеді:

1 транслитерация – басқа тілден енген сөздердің жазуда аударылатын тіл таңбаларымен берілуі, ал ауызекі сөйлеуде сол тілдің ережелеріне бағынып айтылуы;

2 калькалау – баламасы жоқ сөздердің құрамы (морфемалары) мен тіркесті сөздердің тұлғаларын аударылатын тілде барынша сәйкес келетін сөздермен алмастыру;

3 сипаттамалы (түсіндірмелі) аударма – аударылған сөздің мәнін барынша баяндап ашу;

4 жуықталған (теңестірілген) аударма – бастапқы ұғыммен сай келмейтін, алайда белгілі бір тілдің лексикалық бірлігі мақсатында аударылатын тілде мағынасы жақын сөзді табу [5, 104–106].

Ендеше, Ғ. Мүсірепов романындағы реалийлердің қандай тәсілмен аударылғандығын осы негізге салып қарастыруға болады.

Зерттеудің нысаны: Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы қаратпа сөздер.

Зерттеудің пәні: жануарлар төлдері атауларымен берілетін қаратпалардың аударылуы.

Мақсаты: Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романында кездесетін жануарлар төлдері атауларымен берілетін қаратпа сөздерді жинақтап, олардың

аударылу жолдарын анықтау, лингвомәдени ерекшеліктің сақталғандығын айқындау. Осы мақсатқа жету кезінде төмендегідей міндеттері шешу көзделді:

– аударма мәселелерін зерделеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасап, тәржімалау тәсілдерін сипаттау;

– жануарлар төлдері атауларымен берілетін қаратпа сөздердің аудару барысында қандай жолмен жүзеге асқандығын анықтау;

– ұлттық лингвомәдени ерекшеліктерді көрсететін тілдік бірлік – қаратпа сөздердің тәржіма барысында бастапқы мағынаны сақтаған-сақтамағандығын мысалдарды талдау арқылы дәлелдеу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі. Қаратпа сөздерді зерделеу кезінде салыстыру және салғастыру әдістері, сипаттау әдісі, баяндау әдісі, лингвомәдени талдау әдісі мен тілдік деректердің сандық сұрыптау әдісі негізге алынды. Бұл әдістер жазушы шығармасындағы жануарлар төлдері атауларымен берілетін қаратпа сөздердің Л. К. Латышев көрсетуіндегі аударма тәсілдерінің қайсысымен жүзеге асқандығы айқындалды; аударма барысында ұлттық нақыштың сақталған-сақталмағандығын анықтауға мүмкіндік туғызды.

Аттың жалында, түйенің қомында өскен, ат құлағында ойнап, төрт түлікті тіршілігінің көзі, тірегі ретінде пайдаланылған, оны өсіріп, бағып-қағудың қыр-сырын жан-жақты меңгерген қазақ халқының лексикасында малға қатысты сөздердің қатысуымен жасалған тілдік бірліктер молынан ұшырасады: мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер, жаңылтпаштар мен жұмбақтар, терминдер мен кәсіби сөздер, диалектілер мен неологизмдер, синонимдер, одағай сөздер т.т. Солардың қатарында сөз мағынасының әралуандылығы мен әртараптылығын көрсететін, халық мұрасының таптырмас құндылығы саналатын, сөздік қорда алатын орны айрықша сөз қолданыстарының бірі – жан-жануарлар төлдері атауларымен берілетін қаратпалар да бар. Ол тек қарым-қатынас құралы және біреуге жүгінудің белгілі бір түрі ғана емес, бойына ұлттық құндылықтарды жинақтаған, сол елдің жалпы дүниетанымынан, тарихи, мәдени, әдеби өмірінен, тұрмысы мен тіршілігінен, кәсібі мен шаруашылығынан мағлұмат беретін саф алтындай лексикасы болып есептеледі. Сонымен қатар бұл семантикалық топты ұлаңғайыр даланы мекендейтін аң-құс пен жәндіктерге қатысты атаулар да толықтырады.

Жан-жануарлар атауларымен берілетін қаратпа сөздер, негізінен, түбір морфемаға тәуелдік көрсеткіштерінің жалғануы арқылы жасалады. Көбінесе ол үлкендердің жасы кіші адамдарды немесе балаларды жақсы көру, бауырына басып, жақын тарту, жылы шырай таныту, еркелету, сонымен қатар кемсіту, менсінбеу мәнінде, таныс және бейтаныстарды өзіне қарату, жүгіну бағытында қолданылады. Қазақ халқының қарым-қатынас айналымында жүрген ондай сөздер қатарына мыналар жатады: құлыным (құлыншағым), ботам (ботақаным), лағым, қозым, елігім, күшігім, балапаным, қошақаным, жолбарысым,

арыстаным, сарышұнағым, қарғам, жапалағым, сұңқарым (аксұңқарым), аккуым, қарлығашым, бұлбұлым, тотым (тоты құсым), шыбыным т.б.

Ана бейнесін аша отыра көркемдеп суреттеген, қара сөздің қас шебері Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романында кездесетін аталған сөздер қалай аударылғанын анықтау басты міндет болып табылмақ. Туындыда мал төлдеріне қатысты жиі ұшырасатын сөздердің бірі – «ботақаным» реалийі. «Қазақ тілінің сөздігінде» оған шығармадан мысал келтіре отыра мынадай түсінік берілген: «Ботақан эмоц. 1. Ботаны кішірейтіп айтылатын сөз. 2. Баланы еркелеткенде айтылатын сөз. Ержаным, ботақаным, қайда кеттін? (Ө. Әбішев)» [9, 107 б.]. Романда «ботақаным» деген сөздің алдына автор қара, боз сынды түс атауларын тіркестіріп баяндаған. Мәтіннен дәлел ретінде мысал келтірейік: Талтаяқ бір кеште сиыр сауып отырған Күңшенің қасынан кетпей: «Қара ботақанымнан айналайын, боз ботақанымнан садаға кетейін!» деп отырып, аяғында:

– Әлгі біздің Жабайдың бір қыңқылдап жүргені бар еді... – деген еді. [10, 51 б.]

Талтаяқ в тот день долго крутился около Кунше. Все время, пока она доила корову, расточал ей ласковые слова, те же, что приговаривал обычно верблюдам. «Айналайын, черный верблюжонок! Айналайын, серый верблюжонок!» Потом приступил к делу: «Этот мой Жабай давно пристает ко мне...» [11, 58 с.]

Аңғарғанымыздай, аудармашы тәржімалау барысында Л. К. Латышевтың көрсеткен жуықталған аударма жолын негізге ала отыра «қара ботақаным», «боз ботақаным» деген сөздерді «черный верблюжонок», «серый верблюжонок» деп берген. Орыс тілінде «түйе» сөзі «верблюд», оның төлі «ботаны» «верблюжонок» деп тәржімаланатынын білеміз. Бұл мысалдан қазақ халқында әр тілдік бірлікке жеке-жеке атау ұсынылғанын байқауға болады. Ол ұлттық ерекшелікті, сөздік қордың байлығын көрсетеді.

Келесі бір мысалда автор «ботақандарым» реалийін «ботаханым» деп транслитерация тәсілімен аударған. Бұдан аудармашының «ботақандарымды» ұлттық нақышты сақтай отыра, түпнұсқа тұлғасы мен мәніне жуықтата беруді көздегендігін аңғарамыз. Мысалы: – Жабайды кеше бершілге алып кеткен, – деді Талтаяқ, қылғынғанда даыспен. – Онда менің не жұмысым бар, ботақандарым есіме түсіп кетті де, кетіп қалдым... – Көпей бәйбішесінің ернін тістелеп, дасын шайқап «қой!» дегенін Талтаяқ түсінген жоқ... [10, 75–76 б.].

– Отвезли вчера Жабая к бершиль. Какое мне дело!.. Мои ботаханым!.. как без меня остались?.. Ушел я... За вами пошел... [11, 81 с.]

Романда ұшырасатын келесі қаратпа сөз – «құлыным» реалийі. Төрт түліктің ішінде «сауса – сусын, мінсе – көлік, жесе – тағам, тіксе – киім» ретінде пайдаланылатын, әрі халықта аса қадір тұтатын мал түрі – жылқы атауымен

жасалатын қаратпа сөздердің қазақ халқының өмірінде алатын орны ерекше. Осыдан болса керек, ел аузында «Ер қанаты – ат», «Арыстан – аң патшасы, жылқы – мал патшасы» немесе «Жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы», «Аттың несібі – алтау» т.б. сынды мақал-мәтелдер қалыптасқан. Бұл жылқыны құрметтеуден туған бірліктер болып табылады. Шығармада автор тарапынан «құлыным» қаратпасы «жеребеночек мой» деп жуықталған аударма жолымен тәржімаланған. Мысалы: – Қарағым-ай, сен бе едің... – деді Күңше, Жүрегі кеуде сүйектерін нұқып-нұқып қалғанын сезді. – Құлыным-ай, қор болған екенсің ғой! – деп, Жабайды маңдайынан сүйді [10, 178–179 б.].

– О жаным, ты ли это? – невольно вскричала Кунше, узнав наконец Жабая. Сердце ее с силой стукнуло несколько раз в груди. – О жеребеночек мой, что с тобой сделали! Кунше поцеловала Жабая во влажный лоб [11, 185 с.].

Қаламгер шығармасында кездесетін жануарлар төлдерімен берілетін қаратпа сөздердің келесі түрі – «күшік» реалийі. Жеті қазына қатарына енген иттің және ит тұқымдас жыртқыш аңдардың баласы «күшік» сөзі қазақ тілі сөз айналымында екі мәнде пайдаланылады: бірі – еркелету, жақын тарту; екіншісі – кемсіту. Ол түбір тұлғасында (күшік) және түбір морфемаға -ім тәуелдік жалғауы көрсеткішінің жалғануы арқылы (күшік + ім) қолданылады. Алғашқысы жоғарыда көрсетілген екі мәнде, екіншісі тек жылы тарту мағынасында жүзеге асады. Туындыдан дерек келтірілік: – Әй, сен күшік, қатыным қалып барады деп қайғырып жатқан шығарсың! – деді Бұланбай Алшағырға. – Одан қорықсаң, екеу-ара болсын, ала жүр... [10, 149 б.].

Страхнул палуан горькие думы, опять заговорил шутивно:

– Әй, ровесничек, а ты чего нос повесил? Бабу оставлять жалко? Так ты ее с собой бери. Все хоть одна катын на двоих будет [11, 155 с.].

Байқағанымыздай, аудармашы бұл жерде аударудың калькалау жолын негізге ала «күшік» реалийін «ровесничек» деп тәржімалаған. Алайда «ровесник» – «құрдас» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тілінде «күшік» пен «құрдас» деген сөздер өзара синоним ретінде жүрмейді, тіпті бірінің орнына екіншісі алмастырыла қойылмайды. Бір жылы дүниеге келген, жасты адамдар бірін-бірі «күшік» деп айтпайды. Өйткені «күшік» сөзі қолданыста өзінен кіші адамдарға ғана жүреді. Яғни аудармашының аудару кезінде пайдаланылған «ровесник» сөзі орынсыз деп білеміз.

Келесі мысалда «күшік» реалийі «щенок мой» деп жуықталған аударма тәсілі негізінде тәржімаланған:

– О, күшік, өсіп кетіпсің ғой! – деді Бұланбай, арқасына жабысып жүрген баласын бір қолымен ғана құшақтай тартып, алдына шығарып ала беріп [10, 283 б.].

Палуан захватил одной рукой сына и перебросил вперед.

– Ну, щенок мой, вырос ты, однако! [11, 283 с.].

Мысалдардан көргеніміздей, қазақ тілінде «күшік» сөзі жалғау жалғанбай түбір тұлғасында берілсе, ал орыс тілінде тәуелдік мәнде «мой» сөзінің тіркесуі арқылы ұсынылған. Дей тұрғанмен, аударудың аталған жолы мәтін мазмұнын дәл беруге жуықтаған.

Қорытынды

Жануарлар төлдерімен берілетін қаратпа сөздер Л. К. Латышев жіктеген аудару жолдарының калькалау, транслитерация және жуықталған (теңестірілген) аударумен жүзеге асқан. Қаратпаларды тәржімалауда сипаттамалы (түсіндірмелі) аударма пайдаланылмаған. Оған жүгінудің қажеттілігі де болмады. Себебі талданған сөздер екі халық танымында әрі сөздік қорында, күнделікті қолданысында бар тілдік бірліктер болып есептеледі.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Соболев, Л. Н.** Пособие по переводу с русского на французский [Текст]. – М. : Изд. лит. на иностр.яз., 1952. – 281 с.

2 **Левый, И.** Искусство перевода [Текст]. – М. : Прогресс, 1974. –394 с.

3 **Федоров, А. В.** Основы общей теории перевода [Текст]. – М. : Издательский дом Филология ТРИ, 2002. – 348 с.

4 **Томахин, Г. Д.** Реалии – американизмы [Текст]: Пособие по страноведению / Учеб. пособие для ин-тов и фак. иностр. яз. – М. : Высш. шк., 1988. – 239 с.

5 **Латышев, Л. К.** Перевод: проблемы теории, практики и методики преподавания [Текст]. – М. : Просвещение, 1988. – 198 с.

6 **Виноградов, В. С.** Введение в переводоведение (общие и лексические вопросы) [Текст]. – М. : Издательство института общего среднего образования РАО, 2001. – 224 с.

7 **Абдуллаева, Ж.** Көркем мәтіндегі ұлттық колоритті жеткізу мәселесі [Мәтін] // «Ақиқат» журналы, 2012. – № 12. – Б. 123–127

8 **Боргуль, Н. М., Михайлова, Т. В.** Особенности передачи национальных реалий казахского языка на английский язык [Текст] // Вестник Кокшетауский государственного университета имени Ш. Уалиханова. Серия филологическая. – № 4. – Кокшетау, 2013. – С. 49–54

9 Қазақ тілінің сөздігі (50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі қамтылған) / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов [Мәтін]. – Алматы : Дайк-Пресс, 1999. –776 б.

10 **Мүсірепов, Ғ.** Бес томдық шығармалар жинағы. Том 3 [Мәтін]. – Алматы, 1974. –483 б.

11 **Мусрепов, Г.** Пробужденный край. Книга первая [Текст]. – Алма-Ата : «Жазушы», 1985. – 445 с.

References

1 **Sobolev, L. N.** Posobie po perevodu s russkogo na francuzskij. [Sobolev, L. N. Translation guide from Russian to French] [Text]. – M. : Publishing house literature in a foreign language, 1952. – 281 p.

2 **Levyj, I.** Iskusstvo perevoda. [Levyj, I. The art of translation] [Text]. – M. : Progress, 1974. – 394 p.

3 **Fedorov, A. V.** Osnovy obshej teorii perevoda. [Fedorov, A. V. Fundamentals of General translation theory] [Text]. – M. : Philology THREE publishing house, 2002. – 348 p.

4 **Tomachin, G. D.** Realii – amerikanizmy. [Tomachin, G. D. Realities – Americanisms] [Text]: Handbook of country studies / Study guide for foreign language institutes and faculties. – M. : Higher school, 1988. – 239 p.

5 **Latyshev, L. K.** Perevod: problem teorii, praktiki i metodiki prepodavanija. [Latyshev, L. K. Translation: problems of theory, practice and teaching methods] [Text]. – M. : Education, 1988. – 198 p.

6 **Vinogradov, V. S.** Vvedenie v perevodovedenie (obshie i leksicheskie voprosy). [Vinogradov, V. S. Introduction to translation studies (general and lexical questions)] [Text]. – M. : Publishing house of the Institute of General secondary education RAO, 2001. – 224 p.

7 **Abdullaeva, Zh.** Korkem matindegi ultyq koloritti zhetkizu maselesi. [Abdullaeva, Zh. The problem of transmitting national color in a literary text] [Text] // «Akikat» journal, 2012. – № 12. – P. 123–127.

8 **Borgul', N. M., Michailova, T. V.** [Borgul', N. M., Michailova, T. V. Features of transmitting the national realities of the Kazakh language into English] [Text] // Bulletin of Kokshetau state University named after Sh. Ualikhanov. Philological series. – № 4. – Kokshetau, 2013. – P. 49–54.

9 Qazaq tilinin sozdigi (50 mynga zhuyq soz ben soz tirkesi qamtylgan) / Zhalpy red. basqargan T. Zhanuzaqov. [Dictionary of the Kazakh language (About 50 thousand words and phrases are covered) / Common ed Owner T. Januzakov] [Text]. – Almaty : Dike Press, 1999. – 776 p.

10 **Musirepov, G.** Bes tomdyq shygarmalar zhinagi. Tom 3. [Musirepov, G. Collected works in five volumes. Tom 3] [Text]. – Almaty, 1974. – 483 p.

11 **Musirepov, G.** Probuzhdennyj kraj. Kniga pervaja. [Musirepov, G. The awakened edge. The first book] [Text]. – Alma-Ata : «Writer», 1985. – 445 p.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

К. С. Ергалиев

Перевод слов-обращений с названиями детёнышей животных

Павлодарский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

K. S. Yergaliyev

Translation of words-references with the names of baby animals

Pavlodar Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 10.12.20.

В казахском языкознании слово-обращение как языковая единица начала исследоваться учеными уже со второй половины XX века с грамматического (морфологического, синтаксического) аспекта. Однако, с учетом национальной принадлежности, представленные языковые единицы мало изучены. С этой точки зрения актуальность и значимость подобного рода исследования очевидна и понятна.

В статье объектом изучения являются слова-обращения из романа Г. Мусрепова «Пробужденный край», предметом исследования – перевод слов-обращений с названиями детенышей животных. Цель – собрать, определить способы перевода и лингвокультурные особенности слов-обращений с названиями детенышей животных. В работе были использованы методы сравнения и сопоставления, метод описания, элементы метода лингвокультурного анализа и метод количественной обработки лингвистических данных. Изучение данной проблемы привело к следующим выводам: переводоведение – один из изучаемых лингвистами раздел, в котором заложена теоретическая основа изучения проблемы; лингвистический фактологический материал, встречающийся в произведении писателя можно сопоставить с типом переводов, предлагаемых Л.К. Латышевым; в произведении перевод слов-обращений с названиями детенышей животных осуществлялся по предложенному методу Л. К. Латышева путем транслитерации, калькирования и приближенного (уподобляющего) перевода. При переводе произведения не используется описательный (разъяснительный) метод перевода.

Ключевые слова: перевод, транслитерация, калькирование, описательный перевод, приближенный перевод.

In Kazakh linguistics, address words are a grammatical (morphological, syntactic) linguistic unit that was studied by scientists in the second half of the 20th century. However, given his nationality, the study of translation is slow. From this point of view, the relevance of the work is obvious and understandable, and that this increases the significance of the study.

In the article, the object of the study is the address words from the novel by G. Musrepov «The Awakened Land», and the subject of the study was the translation of the words-references with the names of baby animals. The goal is to collect words in the work with the names of baby animals, to determine the ways of their translation and linguocultural features. When analyzing the work, methods of comparison and matching, the method of description, elements of the method of linguocultural analysis and the method of quantitative processing of linguistic data were used. They led to the following conclusions: translation is one of the problems studied by linguists, its concepts are defined, theoretically substantiated; the linguistic data found in the writer's work can be compared with the type of translations of L. K. Latyshev; in the product, the address words with the names of animal cubs was carried out by means of translation by L. K. Latyshev transliteration, calcification, approximate (assimilating) translation. The work does not use a descriptive (explanatory) method of translation.

Keywords: translation, transliteration, calcification, descriptive translation, approximate translation.

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz